"ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТКОМИТЕТІНІҢ
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ
ДЕПАРТАМЕНТІ"РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ "ДЕПАРТАМЕНТ
ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТАПО ТУРКЕСТАНСКОЙ
ОБЛАСТИКОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА
МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН"

160002, Шымкент к., Водопьянов көшесі, 14-ғимарат
Тел.: 8 (7252) 35-06-06, факс: 35-10-01
ММ код 2170025, СТН 582100008585, ИИК KZ 92070101 KSN 0000000 0000000
ОҚО бойынша Қазынашылық Департаменті БСН 000440001616

160002, г. Шымкент, ул. Водопьянова, 14-здания
Тел.: 8 (7252) 35-06-06, факс: 35-10-01
Код ГУ 2170025, РНН 582100008585, ИИК KZ 92070101 KSN

Департамент Казначейства по ЮКО БСН 000440001616

25.03.2021-ғы № 03-18/1366 шығыс хаты

«KKS Construction group» ЖШС

Түркістан облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті(*бұдан әрі - Департамент)*тарапынан,Сіздің 28.02.2021 жылғы№№88593, 88592, 88589 санды өтініштеріңізгесәйкес,«Қазығұрт аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесімен (бұдан әрі - Ұйымдастырушы) ұйымдастырылған №5302007-2 «Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы, Жанабазар ауылдық округі, Қарабастау елді мекеніндегі электр жүйелерінің құрылысы», №5302051-2 «Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы, Шарапхана ауыл округі, Майлыошақ елді мекенінің электр жүйелері құрылысы», №5301908-2 «Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы, Жанабазар ауылдық округі, Тілектес елді мекеніндегі электр жүйелерінің құрылысы» (бұдан әрі - Конкурс) ашық конкурстарының заңдылығына камералдық бақылау жұмыстары жүргізіліп келесілер анықталды.

Қазақстан Республикасының«Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» 2001 жылғы 16 шілдедегі №242бұйрығымен бекітілген Заңының 60-бабының 1-тармағына сәйкес,объектілер мен олардың кешендерін салу (реконструкциялау, реставрациялау, кеңейту, техникалық қайта жарақтандыру, жаңғырту, күрделі жөндеу), сондай-ақ коммуникациялар тарту, аумақты инженерлік жағынан дайындау, абаттандыру және көгалдандыру белгіленген тәртіппен бекітілген егжей-тегжейлі жоспарлау жобаларына, құрылыс салу жобасына сәйкес әзірленген жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасы, елді мекеннің бас жоспары (немесе тұрғындарының саны бес мың адамға дейінгі елді мекендерді дамытудың және оларда құрылыс салудың оларды алмастыратын схемасы) негізінде орындалады.

Департаменттің 02.02.2021 жылғы шығ.№03-08/410 шығыс хатына сәйкесҚР Қаржы министрлігінің Мемлекеттік сатып алу департаментінің 09.02.2021 жылғы №ДЗГЗ-03-0/2964-ВН санды түсіндірмесіне сәйкес, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434-V ҚРЗ Заңының (бұдан әрі-Заң) 21-бабының 2-тармағының 2-тармақшасына сәйкес, конкурстық құжаттамада, осы Заңның 9-бабында белгіленген біліктілік талаптарынан басқа, ұлттық стандарттарды көрсете отырып, техникалық ерекшелік қамтылуға тиіс, ал олар болмаған жағдайда сатып алынатын тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге мемлекетаралық стандарттар қолданылады. Ұлттық және мемлекетаралық стандарттар болмаған кезде Мемлекеттік сатып алуды нормалауды ескере отырып, сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың,

көрсетілетін қызметтердің талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары көрсетіледі делінген.

Бұл ретте техникалық ерекшелікте өнім берушілерге жеткізілетін тауарлардың техникалық регламенттерде, стандарттардың ережелерінде немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттарды ұсыну туралы талап қамтылуға тиіс.

Жобалау-сметалық құжаттаманы талап ететін жұмыстарды мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде конкурстық құжаттамада техникалық ерекшеліктің орнына белгіленген тәртіппен бекітілген жобалау-сметалық құжаттама қамтылуға тиіс. Бұл ретте осындай Мемлекеттік сатып алу бойынша жұмыстарды орындау мерзімдері белгіленген тәртіппен бекітілген жобалау-сметалық құжаттамада көрсетілген жұмыстарды орындау мерзімдеріне сәйкес келуге тиіс.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына» 8-3-қосымшаға (бұдан әрі-қағидалар) сәйкес төменде тізбеленген құжаттар мен оларда айтылған шарттар осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып саналады, атап айтқанда:

1) Осы Шарт;

2) сатып алынатын қызметтердің тізбесі (1-қосымша);

3) Техникалық ерекшелік (2-қосымша).

Ұйымдастырушы Конкурстық құжаттаманың 2-1 - қосымшасында (құрылыс (құрылыс-монтаждау жұмыстары және жобалау бойынша жұмыстар) сатып алынатын жұмыстардың тізбесін (Тапсырыс беруші толтырады)) әлеуетті өнім берушілердің конкурстық өтінімде жобалау-сметалық құжаттаманы ұсынуы және ведомстводан тыс кешенді сараптама қорытындысы бөлігінде талаптары белгіленеді.

Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 шілдедегі № 409 Азаматтық кодексінің (Ерекше бөлім) 654-бабының 1-тармағына сәйкес,мердігер құрылысты және онымен байланысты жұмыстарды жұмыстардың көлемі мен мазмұнын және жұмыстарға қойылатын басқа да талаптарды айқындайтын жобалау құжаттамасына және жұмыстардың бағасын айқындайтын сметаға сәйкес жүзеге асыруға міндетті. Шартта өзге нұсқаулар болмаған кезде Мердігер жобалау құжаттамасында және сметада (жобалау-сметалық құжаттамада) көрсетілген барлық жұмыстарды орындауға міндетті делінген.

Заңның 27-бабының 6-тармағының 3-тармақшасына сәйкес, әлеуетті өнім беруші конкурсқа қатысуға өтінімдерді осы баптың 4-тармағына сәйкес біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келтіргеннен кейін, егер:

3) оның конкурсқа қатысуға өтінімі осы Заңда және мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында айқындалған негіздер бойынша конкурстық құжаттаманың талаптары мен шарттарына сәйкес келмейді деп айқындалса, конкурсқа қатысуға жіберілмейді (конкурсқа қатысушы деп танылмайды).

Қағиданың 150-тармағына сәйкес әлеуетті өнім берушіконкурсқа қатысуға жіберілмейді (конкурсқа қатысушы деп таныла алмайды),егер оның конкурсқа қатысуға өтінімі келесі негіздемелер бойынша конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейді деп айқындалған болса:

- әлеуетті өнім берушінің конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейтін техникалық ерекшелікті ұсынуы, сондай-ақ техникалық ерекшелікте талап етілетін құжаттарды ұсынбауы.

Әлеуетті өнім беруші «KKS Construction group» ЖШС-нің конкурстық өтінімін зерделеу барысында, конкурстық өтінімінің құрамында конкурстық құжаттамаға 2-1-қосымшада талап етілетін құжаттарды, атап айтқанда жобалау-сметалық құжаттаманы және ведомстводан тыс кешенді сараптаманың қорытындысын толық көлемде ұсынбағаны анықталды.

Осыған орай, Конкурстық комиссия Заңның 27-бабының 6-тармағына және Қағиданың 150-тармағының 2-тармақшасынасәйкес«KKS Construction group» ЖШС-нің конкурстық өтінімі жоғарыда көрсетілген конкурстарға қатысудан шеттеткен.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының» *(әрі қарай – Қағидалар)*155-тармағына сәйкес, егер әлеуетті өнім берушінің бас мердігер ретінде жұмыс тәжірибесі болған жағдайда, конкурстық комиссия сатып алынатын жұмыстар нарығында әлеуетті өнім берушінің тәжірибесі болуының әрбір жылы үшін, оның ішінде конкурс мәні болып табылатын жұмыстардың осындай (ұқсас) түрлері бойынша бір пайыз (1 %) мөлшерінде шартты жеңілдік береді.

Егер әлеуетті өнім берушінің қосалқы мердігер ретінде жұмыс тәжірибесі болған жағдайда, конкурстық комиссия сатып алынатын жұмыстар нарығында әлеуетті өнім берушінің тәжірибесі болуының әрбір жылы үшін, оның ішінде конкурс мәні болып табылатын жұмыстардың осындай (ұқсас) түрлері бойынша нөл бүтін оннан бес пайыз (0,5 %) мөлшерінде шартты жеңілдік береді.

Егер бір жылдың ішінде әлеуетті өнім беруші конкурста сатып алынатын, оның ішінде біреуден артық құрылыс объектісінде осындай (ұқсас) жұмыс түрлері бойынша жұмыстарды орындаған жағдайда, конкурстық комиссия келесі әрбір құрылыс объектісі үшін нөл бүтін оннан екі пайыз (0,2 %) мөлшерінде шартты жеңілдік береді.

Егер бұл жұмыстарды әлеуетті өнім беруші қосалқы мердігер ретінде орындаса, конкурстық комиссия келесі әрбір құрылыс объектісі үшін нөл бүтін оннан бір пайыз (0,1 %) мөлшерінде шартты жеңілдік береді.

Құрылыс объектісі деп бір азаматтық-құқықтық шарт шеңберінде орындалған, нысанасы өткізілетін мемлекеттік сатып алудың нысанасына сәйкес келетін жұмыстар түсініледі.

Егер конкурстың нысанасы құрылыспен байланысты емес жұмыстар болып табылған жағдайда, конкурстық комиссия сатып алынатын жұмыстардың түрлеріне ұқсас (сондай) келесі орындалған әрбір жұмыс үшін нөл бүтін оннан екі (0,2 %) пайыз мөлшерінде шартты жеңілдік береді.

Жұмыстар деп бір азаматтық-құқықтық шарт шеңберінде орындалған, нысанасы өткізілетін мемлекеттік сатып алудың нысанасына сәйкес келетін жұмыстар түсініледі.

Егер конкурс (лот) тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыруға бөлінген сома тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің екі жүз мың еселенген мөлшерінен аспайтын болса, осы өлшемнің конкурсқа

қатысуға өтінімнің шартты бағасына жиынтық пайыздық әсері бес пайыздан аспайды.

Егер конкурс (лот) тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыруға бөлінген сома тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің екі жүз мың еселенген мөлшерінен асып кеткен жағдайда, осы өлшемнің конкурсқа қатысуға өтінімнің шартты бағасына жиынтық пайыздық әсері он пайыздан аспайды.

Жұмыс тәжірибесінің болуы үшін шартты бағаға пайыздық әсерді конкурстық құжаттамаға <u>5 және 5-1-қосымшаларға</u> сәйкес жүзеге асырылады.

Конкурстық құжаттаманың 5-қосымшасының (Біліктілігі туралы мәліметтер) 2 тармағына сәйкес,егер конкурстың нысанасы жаңа объектілер салу, сондай-ақ бар объектілерді кеңейту, техникалыққайта жасақтау, жаңғырту, реконструкциялау, қайта жаңарту және күрделі жөндеу болып табылғанжағдайда, «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы»Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі Заңның 20-бабына сәйкес сәулет, қала құрылысыжәне құрылыс қызметі саласындағы уәкілетті орган бекіткен нысаны бойынша орындалған жұмыстардықабылдау және объектіні пайдалануға қабылдау актілерінің электрондық көшірмелері (бұдан әрі - орындалған жұмыстарды қабылдау және объектіні пайдалануға қабылдау актілерінің электрондыққөшірмелері) жұмыс тәжірибесін растаушы құжат болып табылады.

Егер әлеуетті өнім берушінің қосалқы мердігер ретінде жұмыс тәжірибесі бар болған жағдайда, осықосалқы мердігер туралы мәліметтер көрсетілген орындалған жұмыстарды қабылдау және объектініпайдалануға қабылдау актілерінің электрондық көшірмелерін ұсынады.

Объектіні пайдалануға қабылдау актілерінде қосалқы мердігер туралы мәліметтер болмаған жағдайда,осы қосалқы мердігер туралы мәліметтер көрсетілген сәйкестік туралы декларацияның электрондыққөшірмелерін қосымша ұсынады.Егер конкурс нысанасы автомобиль жолдарын салу, реконструкциялау, күрделі жөндеу болып табылса,жұмыс тәжірибесін растайтын құжат - орындалған жұмыстарды қабылдау (сертификаттар, шарттыбағаның ведомосіне сәйкес орындалған жұмыстарды қабылдау актілері) және объектілерді пайдалануғақабылдау актілерінің электрондық көшірмелері болып табылады.

Әлеуетті өнім берушінің құрылыс саласындағы жұмыс тәжірибесін (құрылыс-монтаждау жұмыстары

мен жобалау) есептеу кезінде жиынтықта:

1) ғимараттар мен құрылыстардың жауапкершілік деңгейі (бірінші – жоғары, екінші – қалыпты, үшінші –төмендетілген) есептеледі.

Егер конкурс нысанасы жауапкершілік деңгейі бірінші (жоғары) ғимарат пен құрылыс болып табылғанжағдайда, тек жауапкершілік деңгейі бірінші (жоғары) ғимарат пен құрылыстың жұмыс тәжірибесіескеріледі.

Егер конкурс нысанасы жауапкершілік деңгейі екінші (қалыпты) ғимарат пен құрылыс болып табылғанжағдайда, жауапкершілік деңгейі бірінші (жоғары) және екінші (қалыпты) ғимарат пен құрылыстыңжұмыс тәжірибесі ескеріледі.

Егер конкурс нысанасы жауапкершілік деңгейі үшінші (төмендетілген) ғимарат пен құрылыс болыптабылған жағдайда, жауапкершілік деңгейі бірінші (жоғары), екінші (қалыпты) және үшінші

(төмендетілген) ғимарат пен құрылыстың жұмыс тәжірибесі ескеріледі;

2)объектілердің техникалық жағынан күрделілігі (техникалық жағынан күрделі объектілерге жататын

ғимараттар мен құрылыстар және техникалық жағынан күрделі объектілерге жатпайтын ғимараттар менқұрылыстар).

Егер конкурс нысанасы техникалық жағынан күрделі объектілер (кешендер) болып табылған жағдайда,тек техникалық жағынан күрделі объектілердің (кешендердің) жұмыс тәжірибесі ескеріледі.

Егер конкурс нысанасы техникалық жағынан күрделі объектілерге (кешендерге) жатпайтын ғимараттармен құрылыстар болып табылған жағдайда, техникалық жағынан күрделі объектілердің (кешендердің)және техникалық жағынан күрделі объектілерге (кешендерге) жатпайтын ғимараттар менқұрылыстардың жұмыс тәжірибесі ескеріледі;

3) функционалдық мақсаты (өнеркәсіп объектілері, өндіріс ғимараттары, құрылыстар, тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы объектілер, өзге де құрылыстар);

4) тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы объектілерінің жұмыстарын қоспағанда, бұрын орындалғанжұмыстар конкурс нысанасымен «Рұқсаттар мен хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының2014 жылғы 16 мамырдағы Заңның (бұдан әрі – «Рұқсаттар мен хабарламалар туралы» Заң) Біріншісанаттағы рұқсаттар (лицензиялар) тізбесінің 5 және 6-бөлімдерінде көзделген лицензияланатын қызметтүрінің бір түрінде болған жағдайда, олардың ұқсастығы немесе сәйкестігі ескеріледі.

Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес сараптамадан өткен жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес,II қалыпты күрделілікдеңгейі белгіленген (техникалық жағынан күрделі емес).

Әлеуетті өнім беруші «KKS Construction group» ЖШС-нің конкурстық өтінімін зерделеу барысында,біліктілігі туралы мәліметтерінде мемлекеттік сатып алу нысанасына функционалдық мақсаты бойынша сәйкес келмейтін жұмыс тәжірибесін ұсынғаны анықталды, яғни функционалдықмақсаты бағанында «тұрғын үй-азаматтықмақсаттағыобъектілер» деп көрсетілген.

Қағиданың 457 тармағына сәйкес электрондық депозитарийде қамтылған,электрондық депозитарийде толтырылған мәліметтер ұсынылған жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттарға сәйкес келмеген.

Конкурстық құжаттаманың 1-2-қосымшасына сәйкес,сатып алынатыңжұмыстардың функционалдықмақсаты «**<u>өзге деқұрылыстар</u>**».

Осыған орай,Қағиданың 155 тармағын бұза отырып,Конкурстық комиссия тарапынан әлеуетті өнім беруші «KKS Construction group» ЖШС-нің конкурстық өтініміне жұмыс тәжірибесі үшін 5% мөлшерінде шартты жеңілдіктер негізсіз қолданылған.Себебі конкурстық өтінімде ұсынылған деректерге сәйкес,жұмыс тәжірибесі үшін 0% мөлшерде шартты жеңілдік қолданылуы тиіс.

Алайда, әлеуетті өнім беруші «KKS Construction group» ЖШС-нің ұсынылған шартты жеңілдікті есептегендігі бағасы конкурстың қорытынды хаттамасына әсер етпейді.

Жоғарыдалардың негізінде, Сіздің өтінішіңіздегі уәждемелер өз дәлелін таппағанын мәлімдейміз.

Қазақстан Республикасының2007 жылғы 12 қаңтардағы № 221 «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының 12 және 14 баптарына сәйкесқабылданған шешімімен келіспеген жағдайда, сіздің жоғары тұрған органға немесе сотқа жүгінуге құқығыңыз бар.

ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V ҚР Заңының 47-бабының 9-тармағына сәйкес дауларды сотқа дейін реттеу тәртібі міндетті болып табылады.

Басшының орынбасары **Т.Тултебаев**

Орындаған. Бейсенбай К.У.
Тел: 35-00-35

Келісілген О.Ажибеков